ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ

КОНЪЮНКТУРАЛЫҚ ШОЛУ
Экономиканың нақты секторы кәсіпорындарына пікіртерім
2015 ж. IV тоқсан

МАЗМҰНЫ

I. Негізгі даму үрдістері (3-бет)

II. Дайын өнімге сұраныс серпіні (4-бет)

III. Нақты сектордағы бағалардың өзгеруі (5-бет)

IV. Өндіріс көлемінің өзгеруі (6-бет)

V. Баланс құрылымы: активтер (7-бет)

VI. Баланс құрылымы: пассивтер (8-бет)

VII. Қаржылық-экономикалық көрсеткіштердің өзгеруі (10-бет)

VIII. Банк жүйесінің экономиканың нақты секторына ықпалы (12-бет)

IX. Валюталық бағам өзгерістерінің ықпалы (15-бет)

X. Композиттік индикатор (16-бет)

XI. Әдіснамалық түсініктеме (17-бет)

ҚР НАҚТЫ СЕКТОРЫН ДАМЫТУДЫҢ НЕГІЗГІ ҮРДІСТЕРІ

2015 жылғы 4-тоқсанда 2015 жылғы 3-тоқсанмен салыстырғанда дайын өнімге сұраныстың төмендеуі, кредиттеу талаптарының нашарлауы және теңгемен кредиттер бойынша жоғары пайыздық мөлшерлемелердің сақталуынан көрінген және кредиттік, іскерлік белсенділіктің нашарлауымен байланысқан теріс процестердің жалғасуы байқалды. Нақты сектордағы кәсіпорындардың төлем қабілеттілік коэффициентінің төмендеуін атап өткен жөн. Шығынды және рентабельділігі төмен кәсіпорындардың үлесі орташа алғанда нақты сектор бойынша бұрынғы деңгейінде қалды. Сонымен қатар, теңгенің құнсыздануы тау кен саласында сатудың рентабельділігінің артуына себепші болды. Сонымен қатар, кәсіпорындар шығарылатын өнімге сұраныстың күтулі төмендеуіне байланысты 2016 жылғы 1-тоқсанында теріс үрдістің сақталынуын күтеді.

Нақты сектордағы негізгі үрдістер	
Дайын өнімге, шикізатқа және материалдарға сұраныстың және бағаның конъюнктурасы	**Кәсіпорындардың іскерлік белсенділігін және өндірістің тиімділігін бағалау**
Дайын өнімге сұраныстың төмендеуі жалғасты ↓	Активтердің айналымдылық көрсеткіштері артты ↑
Шикізат пен материалдар, дайын өнім бағалары өсу аясында ↓	Өндірістік қуат көзін қосу азайды ↓
	Өндіріс көлемі төмендеу аясында тұр ↓
Кәсіпорындардың қаржылық-экономикалық жағдайын бағалау	Кәсіпорындардың инвестициялық белсенділігі артты ↑
Кәсіпорындардың қаржылық жағдайы нашарлады ↓	Еңбек өнімділік көрсеткіштері жақсарды ↑
Банк жүйесінің ықпалы	**Валюта бағамы өзгерістерінің ықпалы**
Кредиттерге сұраныс төмендеді ↓	Теңге бағамының , USD, EURO және RR-ге өзгерісінің теріс ықпалының деңгейі өсті ↓
Негізгі және айналым қаражатын несиелендірудің бағалық және бағалық емес шарттарының нашарлау үрдісінің жалғасуы ↓	
Теңгемен несиелендірудің нақты және қабылдауға болатын пайыздық мөлшерлеме арасындағы алшақтық жоғары болып қалуда ↓	

↑ - оң өзгерісі ↓ - теріс өзгерісі


ДАЙЫН ӨНІМГЕ СҰРАНЫС СЕРПІНІ


Тұтастай алғанда нақты сектор бойынша 2015 жылғы 4-тоқсанда сұраныстың төмендеуінің жалғасуы байқалды. Диффузиялық индекс (ДИ), яғни кәсіпорындар жауаптарының балансы, 2015 жылғы 3-тоқсандағы 42,2-мен салыстырғанда 41,7 тең. Тауарлар мен қызмет көрсету саласындағы сұраныс 2015 жылғы 4-тоқсанда төмендеді (тиісінше 44,7 және 38,7 дейін). Тау кен және өңдеуші салаларында дайын өнімге сұраныс сондай-ақ төмендеуін жалғастырды (ДИ тиісінше 43,7 және 41,9 құрады).


Дайын өнімге сұраныс, ДИ*

		2014ж.				2015ж.				2016ж.
Кәсіпорындар жауаптары, %		1тоқ.	2тоқ.	3тоқ.	4тоқ.	1тоқ.	2тоқ.	3тоқ.	4тоқ. (күт)	1тоқ.
Ұлғаюы	1	13,1	23,2	21,6	17,4	9,8	23,1	22,2	18,5	10,4
Өзгермеуі	2	57,8	57,1	60,0	56,6	43,2	46,0	47,1	45,0	35,6
Төмендеуі	3	29,1	19,7	18,5	26,0	47,0	30,9	30,6	36,4	27,1
ДИ = 1жол+0,5*2жол	4	42,0	51,8	51,6	45,7	31,4	46,1	45,8	41,1	41,7
ДИ маусымдық тазартылған*	5	47,6	49,0	47,7	46,4	35,8	43,6	42,2	41,7	47,7

Дайын өнімге сұраныс, ДИ*








*ДИ-диффузиялық индекс. 50 деңгейден қанша жоғары (төмен) болса, сұраныстың өсу (құлдырау) қарқыны сонша жоғары (төмен), 50 деңгейі өзгерістің жоқ екендігін көрсетеді


НАҚТЫ СЕКТОРДАҒЫ БАҒАЛАРДЫҢ ӨЗГЕРУІ


Дайын өнімге бағалар: 2015 жылғы 4-тоқсанда нақты сектордағы бағалар өсуін жалғастырды (ДИ = 60,2, 2015 жылғы 3-тоқсанда - 59,6). Өндіруші салада 2015 жылғы 4-тоқсанда бағалардың төмендеуі жалғасты (ДИ = 42,3), ал өңдеуші салада – өсу бағалардың өсуі жалғасты (ДИ = 60,4). Шикізат пен материалдар бағасы, әсіресе құрылыста (ДИ = 83,8), жоғары болып отыр (ДИ = 84,9).


Дайын өнім бағалары, ДИ *



Шикізат пен материалдар бағасы, ДИ*







*ДИ-диффузиялық индекс. 50 деңгейден қанша жоғары (төмен) болса, сұраныстың өсу (құлдырау) қарқыны сонша жоғары (төмен), 50 деңгейі өзгерістің жоқ екендігін көрсетеді


ӨНДІРІС КӨЛЕМІНІҢ ӨЗГЕРУІ

2015 жылғы 4-тоқсанда кәсіпорындар өндірісінің көлемінің төмендеуі жалғасты (ДИ = 44,1). 2016 жылғы 1-тоқсанда кәсіпорындар өндіріс көлемі төмендеуінің жалғасуын күтеді (ДИ = 40,5).


2015 жылғы 4-тоқсанда кәсіпорындардың өндірістік қуат көздерін іске қосу деңгейі қысқарды: өндірістік қуаттарды ең жоғары іске қосуы бар кәсіпорындардың үлесі 12,7%-ға дейін төмендеді, өндірістік қуаттарды іске қосу 50%-дан төмен кәсіпорындардың үлесі 33,7%-ға дейін төмендеді.

Тұтастай алғанда, өндіріс көлеміне Қазақстан экспорттының негізгі баптарын құрайтын шикізат тауарларына бағалардың төмендеуінің теріс әсері жалғасуда.

Өндіріс көлемі



Өндірістік қуат көздерін қосу деңгейі (% жауаптар)





*ДИ-диффузиялық индекс. 50 деңгейден қанша жоғары (төмен) болса, көрсеткіштің өсу (құлдырау) қарқыны сонша жоғары (төмен), 50 деңгейі өзгерістің жоқ екендігін көрсетеді

БАЛАНС ҚҰРЫЛЫМЫ: АКТИВТЕР

2015 жылғы 4-тоқсанда нақты сектор компаниялары активтердің құрылымында қысқа мерзімді активтердің үлесі 2015 жылғы 3-тоқсандағы 33,1%-дан 35,7%-ға дейін өсті. Қысқа мерзімді активтердің құрылымында қысқа мерзімді дебиторлық берешектің үлесі 2015 жылғы 3-тоқсандағы 44,0%-дан 2015 жылғы 4-тоқсанда 45,4%-ға дейін өсті.

Активтер мен айналым қаражатының айналысы тиісінше 18,7% бен 52,3%-ға дейін ұлғайды. Активтердегі айналым қаражатының үлесі де өсті (35,7%-ға дейін).








БАЛАНС ҚҰРЫЛЫМЫ: ПАССИВТЕР

Пассивтер құрылымында меншікті капиталдың үлесі 51,7%-дан 48,8%-ға дейін азайды. Компанияның меншікті капиталы үлесінің азаюы қарыз алулармен өтелді: қысқа мерзімді міндеттемелердің үлесі 2015 жылғы 3-тоқсандағы 22,9%-дан 2015 жылғы 4-тоқсанда 25,8%-ға дейін ұлғайды. Мерзімі өткен міндеттемелері бар кәсіпорындар үлесі бұрынғы деңгейінде қалды. Банктердің қарыздары бойынша мерзімі өткен міндеттемелері бар пікіртерімге қатысқан кәсіпорындардың үлесі 4,4%-ды құрады.


Қысқа мерзімді міндеттемелердің құрылымында қысқа мерзімді кредиторлық берешектің үлесі 2015 жылғы 3-тоқсандағы 51,3%-дан 2015 жылғы 4-тоқсанда 52,8%-ға дейін ұлғайды. 2015 жылғы 4-тоқсанда мерзімі өткен дебиторлық және кредиторлық берешектері бар кәсіпорындардың үлестері тиісінше 30,2% және 23,1% болды. Ұзақ мерзімді міндеттемелердің құрылымында банктердің ұзақ мерзімді қарыздарының үлесі 2015 жылғы 3-тоқсандағы 44,0%-дан 2015 жылғы 4-тоқсанда 44,5%-ға өсті.

Пассивтер құрылымы




Мерзімі өткен берешегі бар кәсіпорындардың үлесі


жауаптар, %-бен



Қысқа мерзімді міндеттемелердің құрылымы



Ұзақ мерзімді міндеттемелердің құрылымы




БАЛАНС ҚҰРЫЛЫМЫ: ПАССИВТЕР

Кәсіпорындардың инвестициялық белсенділігі 2015 жылғы 4-тоқсанда жақсарды: инвестицияларды қаржыландырмаған кәсіпорындардың үлесі 31,6%-ға дейін төмендеді, бұл мақсатта өзінің қаражатын пайдаланған кәсіпорындардың үлесі 64,6%-ға дейін өсті. Мемлекеттік бағдарламалар шегінде кредит алған кәсіпорындардың үлесі 1,0% болды.


Айналым қаражатын толықтыру үшін банктердің кредиттерін пайдаланатын кәсіпорындардың саны 2015 жылғы 4-тоқсанда 17,6%-ға дейін өсті. Мемлекеттік бағдарламалар шегінде айналым қаражатын қаржыландыру үшін кредиттерді алған кәсіпорындардың үлесі 2,3% болды. Көптеген кәсіпорындар (84,6%) бұл мақсат үшін өз қаражатын пайдаланады.

2015 жылғы 4-тоқсанда борыштық жүктемесі ұлғайған кәсіпорындардың үлесі азайды (2015 жылғы 3-тоқсандағы 46,9%-дан 41,7%-ға дейін), кәсіпорындардың міндеттемелерінде банктер қарыздарының үлесі 46,4%-ға дейін ұлғайған.

Негізгі құрал-жабдықтарды қаржыландыру көздері




Айналым қаражатын қаржыландыру көздері




ҚАРЖЫ-ЭКОНОМИКАЛЫҚ КӨРСЕТКІШТЕРДІҢ ӨЗГЕРУІ

Өндіріс тиімділігінің көрсеткіштері әр түрлі сипатта қалыптасады. 2015 жылғы 4-тоқсанда өндіріс көлемін азайтпаған кәсіпорындардың үлесі 64,5%-ды құрады. Кәсіпорындардың 69,8%-ы еңбек өнімділігін төмендетпеді. Кәсіпорындардың 60,5%-ы жұмыспен қамтылғандардың жалпы санын төмендетпеді.

2015 жылғы 4-тоқсанда нақты сектор кәсіпорындарының ағымдағы өтімділігінің коэффициенті өзгерген жоқ (1,4). Төмен өтімділік көрсеткіші (КТЛ<1) бар кәсіпорындар үлесі 36,8%-ды құрады, ал жалпы төлем қабілеттілік коэффициенті 1,9-ға дейін төмендеді.







ҚАРЖЫ-ЭКОНОМИКАЛЫҚ КӨРСЕТКІШТЕРДІҢ ӨЗГЕРУІ

2015 жылғы 4-тоқсанда нақты сектор бойынша сатылымдардың рентабельділігі (салық салғанға дейін) өсті – 25,1% (2015 жылғы 3-тоқсанда 24,0%), оның ішінде тау-кен өндіру өнеркәсібінде сатылымдардың рентабельділігі 55,0%-ға дейін (2015 жылғы 3-тоқсанда 47,2%), ал өңдеу саласындағы рентабельділік 31,6%-ға дейін өсті (2015 жылғы 3-тоқсандағы 27,2%-дан).

2015 жылғы 4-тоқсанда шығынға ұшырағыш және рентабельділігі төмен кәсіпорындардың үлесі 24,1%-ға дейін шамалы төмендеді (2015 жылғы 3-тоқсандағы 24,2%-дан). Рентабельділігі орташа кәсіпорындардың үлесі де 41,1%-ға дейін (2015 жылғы 3-тоқсандағы 43,3%-дан), рентабельділігі жоғары кәсіпорындардың үлесі 41,0%-ға дейін төмендеді (2015 жылғы 3-тоқсанда 42,3%).








БАНК ЖҮЙЕСІНІҢ ЭКОНОМИКАНЫҢ НАҚТЫ СЕКТОРЫНА ЫҚПАЛЫ

2015 жылғы 4-тоқсанда жалпы экономика бойынша кәсіпорындардың банктердің кредиттеріне сұранысы өзгерген жоқ: 2016-жылғы 1-тоқсанда кредит алуға ниет білдіріп отырған кәсіпорындардың үлесі 19,7% болды. Кредиттерге ең көп қажеттілік – өңдеу саласындағы кәсіпорындарда (25,9%). Тау-кен өнеркәсібінде де кредиттерге қажеттілік 11,7%-ға дейін азайды.

2015 жылғы 4-тоқсанда банкке кредит алуға өтініш білдірген кәсіпорындардың үлесі 23,7%-ға дейін төмендеді (2015 жылғы 3 тоқсандағы 25,5%-дан). Бұл ретте, кредит алған кәсіпорындардың үлесі (оның ішінде бұрын ашылған кредиттік желі бойынша кезекті транш алған) 18,2%-ға дейін төмендеді (2015 жылғы 3 тоқсанда - 18,9%). Несиелендірудегі бас тартудың деңгейі төмендеді: несие беруден бас тартылған кәсіпорындардың үлесі 5,5%-ға дейін төмендеді (2015 жылғы 3 тоқсандағы 6,6%-дан). Кредит ала алмаған ірі кәсіпорындардың үлесі де 6,3%-ға дейін төмендеді (2015 жылғы 3 тоқсандағы 8,5%-дан).








* Бұрын ашылған кредиттік линия бойынша кезекті транш алған кәсіпорындарды ескере отырып

БАНК ЖҮЙЕСІНІҢ ЭКОНОМИКАНЫҢ НАҚТЫ СЕКТОРЫНА ЫҚПАЛЫ


2015 жылғы 4-тоқсанда кәсіпорындар айналымдағы және негізгі қаражатты кредиттеудің бағалық (кредит бойынша мөлшерлемелер деңгейі, қосымша комиссиялар мөлшері) және бағалық емес (кредиттің ең жоғарғы мөлшері мен мерзімі, қарыз алушының қаржылық жағдайына қойылатын талаптар, қамтамасыз етуге қойылатын талаптар) шарттарының нашарлауының жалғасуын атап көрсетуде.

2015 жылғы 4-тоқсанда теңгемен кредиттер бойынша орташа пайыздық мөлшерлеме жылдық 13,5%-ға дейін өсті (2015 жылғы 3-тоқсанда 13,2%). Теңгемен кредиттеудің нақты пайыздық мөлшерлемесі мен кәсіпорындар үшін қолайлы пайыздық мөлшерлемелер арасындағы алшақтық жоғары деңгейінде қалды: қолайлы пайыздық мөлшерлемелер жылдық 9,3%-ды құрады. Теңгемен кредиттеудің нақты мерзімі өткен тоқсанмен салыстырғанда бір айға қысқарды және 24 ай болды, кәсіпорындар үшін кредиттеудің қолайлы мерзімі – 32 ай. Шетел валютасымен кредиттеу мөлшерлемесінің деңгейі 8,7%- ға дейін төмендеді, кәсіпорындар үшін қолайлы мөлшерлемелер деңгейі 5,7%- ға дейін төмендеді. Шетел валютасымен кредиттеудің нақты мерзімі - 30 ай, қолайлысы - 34 ай. (2015 жылғы 3-тоқсанда: тиісінше 36 және 37).

Несиелеу талаптарының өзгеруі



Кредиттер бойынша мерзімдер мен мөлшерлемелер




*ДИ-диффузиялық индекс. 50 деңгейден қанша жоғары (төмен) болса, көрсеткіштің өсу (құлдырау) қарқыны сонша жоғары (төмен), 50 деңгейі өзгерістің жоқ екендігін көрсетеді

БАНК ЖҮЙЕСІНІҢ ЭКОНОМИКАНЫҢ НАҚТЫ СЕКТОРЫНА ЫҚПАЛЫ


2015 жылғы 4-тоқсанда кәсіпорындардың банктердегі кредиттері бойынша борышы қысқарды: ДИ= 49,3. Кәсіпорындардың активтері өсу аясында: ДИ= 51,1 (2015 жылғы 3-тоқсанда 52,3), меншік капиталы төмендеу аясында: ДИ = 48,0 (2015 жылғы 3-тоқсанда 47,0).

2015 жылғы 4-тоқсанда кәсіпорындардың банктердегі депозит көлемдері шамалы төмендеді (ДИ = 49,9). Алайда ірі кәсіпорындар банктердегі депозит көлемдерін арттырды: ДИ=50,7 (2015 жылғы 3-тоқсандағы 49,6-дан). Кәсіпорындар 2016 жылғы 1-тоқсанда депозит көлемдерінің одан әрі төмендеуін күтуде.

Несиелер, активтер және меншік капиталы



Кәсіпорындардың банктердегі депозит көлемдері




*ДИ-диффузиялық индекс. 50 деңгейден қанша жоғары (төмен) болса, көрсеткіштің өсу (құлдырау) қарқыны сонша жоғары (төмен), 50 деңгейі өзгерістің жоқ екендігін көрсетеді


ВАЛЮТА БАҒАМЫ ӨЗГЕРУІНІҢ ЫҚПАЛЫ

2015 жылғы 4-тоқсанның қорытындылары бойынша экономиканың нақты секторындағы пікіртерім шетел валюталарына теңгенің айырбас бағамының өзгеруінің теріс әсері үрдісінің сақталуын көрсетті.

Теңге бағамы өзгеруінің шаруашылық қызметіне теріс әсерін сезген кәсіпорындар үлесінің күрт артуы 2015 жылдың 20 тамыздағы еркін айналмалы айырбас бағамы режимге көшуіне байланысты болды. 2015 жылғы 3-тоқсанда 2015 жылғы 2-тоқсанымен салыстырғанда теңге бағамының АҚШ долларына өзгеруі шаруашылық қызметіне жағымсыз әсерін сезген кәсіпорындар саны екі есе артты (23,0%-дан 61,1%-ға дейін). 2015 жылдың 4-тоқсанында бағам құбылмалылығының жағымсыз әсері жалғасты және теңге бағамының АҚШ долларына өзгеруінің теріс әсерін бастан кешірген кәсіпорындар үлесі артып, 65,2% құрады. Теңге бағамының еуро мен ресейлік рубліне өзгеруінен өз қызметіне теріс әсерін тиісінше респонденттердің 40,1% бен 50,3%-ы атап өтті.

2015 жылдың 4 тоқсанында кәсіпорындардың шет ел валютасын қолданудың үлестірілуі ресейлік рублін, АҚШ долларын және еуроны шет ел серіктестерімен пайдаланатын кәсіпорындардың шамалы артуын алмағанда жалпы өзгеріссіз қалды .






КОМПОЗИТНЫЙ ИНДИКАТОР

Композиттік индикатор іскерлік циклдің бұрылу нүктелерін анықтау үшін қолданылады, сондай-ақ экономикалық белсенділік динамикасының жағдайы мен бағыты бойынша сапалы ақпарат ұсынады. Композиттік индикатор кәсіпорындарындардың ағымдағы және күтілетін жағдайына қатысты сұралған кәсіпорындардың басшылары көзқарасының жалпылама бағалауын білдіреді жыне нақты ІЖӨ серпінінің 1-2-тоқсандағы басып болу қабілеті бар. Индикатор мен нақты ІЖӨ-ді (2005 жылдың орташа жылдық бағалары) есептеу барысында маусымдықтан тазарту және Ходрик-Прескотт әдісімен тренд жою жасалған. Салыстыру мақсатында циклдік құрауыштар стандартталған.

2015 жылдың 4-тоқсанында экономиканың нақты секторындағы конънктуралық зерттеу нәтижелері бойынша композиттік индикатор (-0,2)-ды құрады және ұзақ мерзімді трендіне қатысты (нөлдік белгі) төмендеу аясында қалып отыр, сондай-ақ экономикалық өсудің төмен қарқындары мен экономикалық белсенділіктің теріс динамикасынының сақталынуын көрсетеді.

Қолайсыз сыртқы конъюнктура, сондай-ақ тұтынушылық белсенділіктің әлсіреуі нәтижесінде болған қызмет көрсету секторындағы өсу қарқындарының төмендеуі іскерлік белсенділіктің нашарлауының негізгі себептері болды. Ұлттық валютаның құнсыздануы, нақты ақшалай табыстарының қысқаруы және бағалардың өсуі 2015 жылдың 4-тоқсанында отандық өндірушілердің өнімдері мен қызметтеріне сұранысына теріс әсерін тигізді. Осылайша, респонденттердің көпшілігі дайын өнімге сұраныстың азаюын атап өтті, бұл өз кезегінде, олардың қызметіне теріс етті. Сұраныстың ең көп құлауын «Құрылыс» және «Сауда» салаларында жұмыс істейтін кәсіпорындары атап өтті. Сонымен қатар, кәсіпорындар басшыларының пікірінше, теңгенің еркін айналмалы айырбас бағамы режиміне көшу мен негізгі сауда-серіктес елдерінің валюталарына қатысты ұлттық валютаның одан кейін болған құнсыздануы кәсіпорындардың шаруашылық қызметіне жағымсыз әсерін тигізді.

2016 жылдың 1-тоқсанында респонденттер экономикалық жағдайының жақсаруын күтпейді (КИ (-0.1)-ді құрады), бұны экономиканың барлық салаларында дайын өнімге күтілетін сұраныстың төмен көрсеткіштері көрсетеді. Жағымсыз сыртқы экономикалық факторлар, сондай-ақ ішкі тұтынуының одан әрі әлсіреуі сақталған болса, экономикалық белсенділіктің жақсаруы күтілмейді.



* Показатели КИ за 4 квартал 2015 года рассчитываются на основе ожиданий предприятий реального сектора, принимающих участие в опросе.

ӘДІСНАМАЛЫҚ ТҮСІНІКТЕМЕ

- Кестелер мен графиктерде көрсетілген диффузиялық индекс (ДИ) оң жауаптар мен өзгеріссіз жауаптардың жартысының сомасы ретінде есептеледі. Осы индекс қаралып отырған көрсеткіштің өзгеру динамикасын сипаттайтын қорытынды индикаторы болып табылады. Егер оның мәні 50-ден жоғары болса – бұл оң өзгерісті, ал 50-ден төмен болса – теріс өзгерісті білдіреді. Бұл ретте диффузиялық индекстің мәні 50 деңгейінен қанша алыс (жоғары немесе төмен) болса, көрсеткіштің өзгеруі (ұлғаюы немесе азаюы) қарқыны сонша жоғары болады.
- Банктердің кредиттері бойынша қолайлы пайыздық мөлшерлеме көрсеткіші мониторингке қатысушы кәсіпорындар олар үшін өндірістің рентабельділігінің ағымдағы деңгейі тұрғысынан алғанда қолайлыретінде қоятын пайыздық мөлшерлемелердің орташасы ретінде есептеледі.
- Қаржылық коэффициенттердің көрсеткіштері жалпы алғанда сауалнамаға қатысқан кәсіпорындардың іріктеуі бойынша, сондай-ақ қажет болған кезде салалар бойынша есептелген орташа мәндермен, тоқсан соңындағы баланс көрсеткіштерінің күтілетін мәндерінің кәсіпорындардан алынған бағалаулары негізінде көрсетілген. Бұл ретте осы бағалаулардың, сондай-ақ олардың ішінде орташа есептелетін бағалаулардың олардың мәндерінің абсолюттік дәлдігін алу мақсаты болмайды (өйткені есептік болып табылмайды), ал экономиканың және оның салаларының қаржылық емес секторының жай-күйінің өзгеру үрдістерінің бағалаулары мен талдауын жедел алуға арналған.
- Композиттік индикатордың (КИ) нақты ІЖӨ серпінінің 1-2-тоқсандағы басып болу қабілеті бар*. КИ-дің және ІЖӨ-нің уақыт қатарлары (2005 жылғы бағалармен) маусымдылықтан тазартылған және үрдісі жоқ, яғни экономикалық конъюнктураның қысқа мерзімді ауытқуларымен негізделген циклдік құрауыштар ғана кіреді. Салыстыру мақсатында циклдік құрауыштар стандартталған, яғни бір (өлшемсіз) өлшем бірлігіне келтірілген.

КИ жалпы ЭНС бойынша қысқа мерзімді даму үрдістерін көрсетуге арналған. Бұл ретте оның мынадай қасиеті бар: 1) басым сипаты бар; 2) ЭНС дамуының циклдік сипаттамасын көрсетеді; 3) жедел қалыптастырылады, себебі кәсіпорындарға жүргізілген жедел сауалнама негізінде құрылған.

Кәсіпорындарға жүргізілген сауалнамалар бойынша қалыптастырылған индикаторлардың ішінде КИ құрауыштары ретінде мынадай басым индикаторлар кірді:

1) Экономиканың салаларында дайын өнімге сұраныстың өзгеруінің ДИ-і

2) бағалар өзгерісін көрсететін индикаторлар тобы:
- бүкіл нақты сектор бойынша бағалар өзгерісінің ДИ-і,
- шикізат пен материалдар бағаларының өзгерісінің ДИ-і;

3) инвестициялық және кредиттік белсенділіктіің өзгерісін көрсететін индикаторлар тобы:
- негізгі құралдарды қаржыландыру үшін кредит алған кәсіпорындардың үлесі (мемлекеттік бағдарламаларды қоса алғанда),
- меншікті қаражат пен банктердің кредиттерінен бөлек негізгі және айналмалы құралдарды қаржыландыру үшін басқа көздерді пайдаланған кәсіпорындардың үлесі;
- кредит алған кәсіпорындардың үлесі,
- кредит алуға ниет білдірген кәсіпорындардың үлесі,
- теңгедегі және шетел валютасындағы кредиттер бойынша нақты пайыздық мөлшерлемелердің деңгейі;

4) жұмыспен қамту деңгейінің индикаторы: қызметкерлерінің саны төмендеген кәсіпорындардың үлесі;

5) Кәсіпорындардың қызметіне теңгенің валюталық бағамы өзгерістерінің (АҚШ долларына, еуро және ресей рубліне) әсер ететін индикатор.

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің
Зерттеулер және стратегиялық
талдау департаменті